*Айтылған сөз маңызды.*

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

**Қадірлі қонақтар!**

**Қымбатты достар!**

Сіздерді бүгінгі кеште Бундесвердің құрылған күніне арналған салтанатты қабылдауда қарсы алу мен үшін зор қуаныш.

Мен Қазақстанға осы жазда ғана келдім. Содан бері Сіздердің қонақжайлықтарыңыздың жылылығын және екі еліміздің арасындағы қарым-қатынастардың тереңдігін сезініп үлгердім. Бүгінгі іс-шара мен үшін Германия Елшісі ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке өміріме байланысты себептер бойынша да ерекше маңызға ие.

*Айтылған сөз маңызды.*

Бундесвер бала кезімнен  өмірімнің бір бөлігіне айналған еді. Әкем Бундесвер офицері болған еді  және Бундесвер құрылғаннан кейін әскер қатарына шақырылған алғашқы жас жігіттердің бірі еді. Мен әскери қызметтің мәні – жауапкершілік, тәртіп, адалдық және бейбітшілік жолындағы табандылық екенін терең түсініп өстім.

Мен үшін Бундесвер ешқашан дерексіз институт болған емес. Ол біздің отбасымыздың күнделікті өмірінің бір бөлігі болды. Мен әскери қызметтің әскери қызметшілердің өздеріне де, олардың отбасыларына да қандай талаптар қоятынын көріп өстім. Сонымен қатар Бундесвер басшылыққа алатын құндылықтарды да көрдім. Олар – адам

қадір-қасиетін құрметтеу, заң алдындағы жауапкершілік және демократиялық конституциялық құрылысқа адалдық. Бундесвер – демократиялық мемлекеттің әскері, сондықтан біз әскери қызметшілерімізді «саптағы азаматтар» деп қарастырамыз. Бастапқы кезден-ақ басшылық ету дағдыларын дамытуға және азаматтық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінді.

Бүгін Бундесвердің тарихын ғана емес, сондай-ақ Бундесвер мен Қазақстан Республикасының Қарулы күштері арасындағы тығыз әрі тұрақты дамып келе жатқан ынтымақтастықты да атап өтіп жатқан Қазақстанда болу мені ерекше қуантады.

*Айтылған сөз маңызды.*

35 жыл бойы бұл ынтымақтастық үздіксіз дамып келеді. Ол диалогты, тәжірибе алмасуды, даярлықты, білім беруді және практикалық ынтымақтастықты қамтиды. Бұл қызмет түрлері өзара түсіністікті нығайтып, елдеріміз арасындағы сенімді арттыруға ықпал етеді.

Бундесвер Қазақстанның Қарулы күштерін қалыптастыру мен дамыту кезеңінде де өз үлесін қосты. Бұл Германияның өз тәжірибесін бөлісуге және тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның өз қорғаныс құрылымдарын қалыптастыруына қолдау көрсетуге дайын екендігінің маңызды көрінісі болды.

Бүгінде қарулы күштерімізді одан әрі жақындастыра түсетін ынтымақтастықтың

көптеген бағыттары үшін зор ризашылығымды білдіремін. Олар біздің кең ауқымды әріптестігіміздің және тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге деген ортақ мүддеміздің айқын көрінісі болып табылады.

Германия Қазақстанды Орталық Азиядағы маңызды әріптес ретінде бағалайды. Біздің қарым-қатынастарымыз өзара құрметке, ашық диалогқа және қауіпсіздік ортақ жауапкершілік екеніне деген сенімге негізделген.

Дипломат ретінде мен осы әріптестікті нығайтуға өз үлесімді қосуға ұмтыламын. Ал Бундесвер офицерінің қызы ретінде әскери киімдегі қызметін өтеп жүрген ерлер мен әйелдерге, сондай-ақ

бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін халықаралық әріптестікке деген ерекше жеке жақындығымды сезінемін.

Сондықтан осы айтулы оқиғаны Сіздермен бірге атап өту мен үшін ерекше қуаныш.

Германия мен Қазақстан арасындағы, сондай-ақ қарулы күштеріміз арасындағы ынтымақтастық алдағы жылдары да тереңдеп, өркендей берсін.

**Көп рақмет!**